# Сүмбіле



1 4
15.09.05

«Елдің» ғылыми-танымдық басылымы мақалаларының авторы жазушы-фантаст Жүніс САХИЕВ

# Қолдың қырлы қасиеттері

***Жарық дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап адамның да, күллі өзге тіршілік иелерінің де қилы әрекеті аяқ пен қолдан басталады. Адамның одан кейінгі әрекеті еңбектеу, тәй-тәй тұру, жүру мен жүгірумен жалғасады. Саналы дамудың негізгі тірегі екі аяқ пен екі қол болды. Алғашқы адамдар өз тамағын табу үшін тау-тауды кезіп, жазық даланы шолып, қаншама тер төгіп, жол жүрді. Сөйтіп, миымен ойлаған, санасымен жоспарлағандарын аяқ-қол қозғалысы арқылы жүзеге асырып отырды.***



Маралды маңындағы «Бес саусақ» жақпар тасы




Саусақпен қашықтықты өлшеу

Ертеде сөйлемеуге ант берген адамдардың саусақпен сөйлеу әліппесі




Адамның қол еңбегі уақыт өткен сайын, қауым керегесі кеңейген сайын күрделене берді. Ол енді тастан қашап құрал жасай бастады, жылы шайла мен күрке тұрғызды. Қысқы аязда тоңбау үшін жабайы жыртқыштардың терілерінен киім жасады. Сол әрекеттің бәрі де адамның аяғы мен қолына қатысты еді. Аяқ болмаса, орын ауыстыра алмайды, қолы болмаса ештемені жасай алмайды.

Тау-тауды пана еткендер үңгірлердің тұрғылықты болмайтынына, шайла мен күркенің үй болмайтынына көз жеткізген саналы адам саз балшықтан жер кепе тұрғызуға көшті. Оның терезесін жасады. Бірте-бірте адам пенденің шеберлігі шыңдала түсті. Ел арасынан шеберлер шыға бастады. Олар үйге өрнекті есік орнатуды қолға алды. Үйдің жиһаздарын ойластырды. Соның бәрі де адамның қолының, саусақтарының шеберлігіне келіп тірелді. Тасқа, ағашқа қашап ою-өрнек пен белгі салу тек шебердің үлесінде еді. Ол белгілер адамға жол көрсетті, келе жатқан қауіп-қатерді алдын ала ескертіп отырды. Оның бәрі де адамның ойындағысын таңбаға түсіруден әрекет еді.

Адам баласының алғашқы жазуы да тас пен ағашқа, ағаш қабығы мен өсімдіктің үлкен жапырағына таңбалаудан бастау алды. Адам енді тек қана ауызша сөйлесіп қана қоймай, айтатынын жазумен де жеткізе алатын дәрежеге жетті. Бұл қоғам дамуын жеделдетті.

Қол саусақтарының шеберлігі іс-әрекеттің кең қанат жаюына сай күрделене түсті. Ата-бабаларымыз көшпенділік ғұмыр кешсе де, киіз бен кілемді өрнектеу, оюлау мен зергерлік бұйымдар шекуді ерекше өнер ретінде бағалады. Қазақтың ою-өрнекті киіз үйлері, қазақтың ұлттық киімдері, ерлер беліне тағатын жалпақ белдіктер мен ат әбзелдері, ыдыс-аяқ, шолпы мен білезіктер шебер қолдар мен алақан саусақтарынан туындады. Қол мен алақан саусақтары тек қана жазу, сурет салу, әдемі заттар жасау ғана емес, ол адамның тікелей сөйлесуіне де көп көмек көрсетеді. Ғалым-психологтардың зерттеулеріне қарағанда, адам айтайын деген сөзін қол саусақтарының кимылымен, бет мимикасымен жеткізеді. Ал, жастайынан тілі шықпай, құлағы естімей қалған адамдар бір-бірімен түсінісу үшін қол саусақтарын шебер пайдаланады. Дене сезімталдығының арқасында мылқаулар саусақтарымен әріптерді ажырата алады, әрбір саусақты қозғалта отырып одан сөз құрайды. Соқырлар әріптерді саусағының ұшымен сипалап таниды. Соқыр-мылқаулар қоғамында ол үшін арнайы жағдайлар жасалған. Теледидар арнасынан бір мезгіл болса да мылқауларға арналған ақпараттың беріліп жүргені баршамызға аян. Саусақтарды жылдам қозғалта көрсете отырып, айтылып жатқан сөзге қалай ілесіп отыратыны, мылқаулардың оны кәдімгідей түсініп отыратыны саусақ қызметінің басты бір қырын танытады.

Алақан мен саусақтар ертеректе адамның болашақ тағдырын болжалдауға себін тигізген. Балгерлер алақандағы қым-қуыт сызықтарға қарап отырып, адамның неше жыл ғұмыр кешетінің, қандай қызға үйленетінін немесе қыз болса тұрмысқа шығатынын, неше перзентінің болатынын, бақытты немесе бақытсыз өмір сүретінін айтып беріп отырған. Сыған халқы алақан мен саусақтардағы сызықтардың мән-мағынасын түсіндіретін арнайы кітап басып та шығарған. Ол кітапты құпия ұстай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі таратып келеді. Ертеректегі өзге елдің балгер-абыздары да солай жасаған.

Дәрігерлер қауымы адамның денсаулығын әуелі білегіндегі тамыр соғысы арқылы анықтайды. Жүрек соғысының дұрыстығын білу үшін сұқ саусақтың ұшына хабарлағыш бекітеді. Электрокардиограмма құралы да аяқ-қолдарға бекітілген қым-қуыт сымдар арқылы жүрек жұмысын зерттейді. Қан қысымы да адамның қол-білегі арқылы өлшенеді.

Корей дәрігер-ғалымдары адам қолының бес саусағынан адамның өз бейнесін көреді. Бас бармақты – адамның басына, балаң үйректі – адамның оң қолына, ортан теректі – оң аяғына, шылдыр шүмекті – сол аяғына, кішкене бөбекті – сол қолына ұқсатады. Бұл емнің атын – Су-джок дейді. Бас ауырғанда, іш пен бауыр, бүйрек ауырғанда алақан мен саусақтардың соған сай жерлерін басып уқалау қажет. Сонда ауырған бас, іш пен бауыр тыншиды.

Алақан мен бес саусақ елсіз далада, мұз үстінде, қалың орман ішінде келе жатқан адамның жол табуына, көзге шалынған заттың арақашықтығын анықтауға да көмектеседі. Ол "мыңдық" делінетін өлшем бойынша жүзеге асады. Сұқ саусақ пен ортаңғы саусақтың бұрышы арқылы алдағы өрдің биіктігі анықталады. Саусақ бұрыштары арқылы ата-бабаларымыз ертеректе Күннің, Айдың шығыс көк жиектен шығуы мен батуы мезгілін, Күннің күндізгі, Айдың түнгі қозғалысын анықтап отырған.

Ертеректе адамның бас бармағының таңбасын мөр ретінде санады. Ол бүгінде адамның жеке басының ерекшеліктерін дәл анықтауға қолданылады. Өйткені, саусақтың тырнаққа жақын көбесіндегі, саусақтың басындағы іздер қандай өзгеріс жасалғанда да бүлінбейді.

Адамның алақаны мен саусағы туыстықтың, достық пен бауырластықтың тамаша дәнекері. Бірін-бірі аса қастерлейтін, бір-бірімен көптен бері кездеспеген адамдар құшақтаса, арқа қағыса амандасады. Шынайы достық пен жылы жүректілікті адам баласы қолды қысып алу арқылы білдіреді. Қолдың алақаны мен саусақтары арқылы нешетүрлі достық ниетті келісім- шарттарға қол қойылады. Кез келген келісім мен мақұлдау қол алысумен тұжырымдалады. Мінберде сөйлеп тұрғанда, ән айтып тұрғанда немесе қызықты да таңданарлық өнер көрсетіп тұрған адамға екі алақанды саусақтарымен қоса жиі-жиі соғу арқылы құрметтейді. Әуе кемесімен бөтен елге барғанда өзін қарсы алушыларға, өзін алыстан қоршап, құрмет көрсетіп тұрғандарға адам оң қолын көтеріп, бұлғап-шайқап ризашылық сезімін білдіреді. Бір жаққа жол жүрген адам туыс-достарымен қол бұлғап, саусақтарын бұлғап қоштасады.

Қол саусақтарының бүгіндегі рөлі күрделі. Адам саусақтарымен аккордеон, пианино, органда әуен ойнайды, қылқобыз, шаңқобыз, домбыра тартады. Телетайптың, компьютердің әріпті түймелерін жылдам басады. Құрлық көлігін, әуе кемесін, ғарыш кемесін басқарады.

Осындай қырлы қасиеті бар адам қолы саусақтарының таңбасы Алматыдағы Тәуелсіздік монументі мен Астана – Бәйтеректе бар. Оны мәңгілік бейнелеуді ұлы табиғат та ұмытпапты. Шығыс Қазақстан облысындағы Катонқарағай ауданы Маралды ауылы маңындағы тамаша табиғат аясынан белгілі журналист Қайырды Назырбаевтың "Бес саусақ" жақпартасы соның бұлжытпас куәсі. Ол қандай да бір алып адамның оң қолының саусақтарын жақпартасқа тигізіп мәңгілік таңба қалдырғанындай. Жер бетін мекен еткен адам баласының ыстық сәлемін жұлдызды кеңістікке әкетіп бара жатқан Американың "Пионер-10" жұлдызаралық кемесінің ішіндегі болат пластинкаға ойып салынған суреттердің ең елеулісі ер адам мен әйел адамның бейнесі өзге жұлдыз жүйесіндегі ғаламшар тұрғындарына жеткізбек. Ер адам оң қолын сәл көтеріп бес саусағын аша сәлем беріп тұр. Ол сәлем Жер тұрғындары мен өзге әлем тұрғындарының бір-біріне деген ыстық ықылас-ілтипаттарын жалғастырмақ.